



Кітап - білім бұлағы

КІТАП - ҚҰДІРЕТТІ ҚАРУ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ал сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл - ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітап - адамның жан дүниесінің рухани азығы, асыл байлықтың өлшемі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа қаншама білім нәрін беріп, білім-білігімізді жетілдіріп отырғанымен кітап оқуға деген құштарлық ақсап тұр. Кітаптарымызды ұқыптылықпен ұстап, құрметтей білуге үйрету, кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру, кітаптың сарқылмас қазына, құдіретті қару, бар білімнің қайнар көзі кітап екенін білім алушыларға ұғындыру әрбір ұстаздың міндеті деп ойлаймын. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Күнделікті қара-

пайым өмірде кітап оқитын кісі оқымайтын кісінің айырмашылығын тез аңғаруға болады. Кітап оқыған адам ақыл-парасат, таным, білім, жұртпен қарым-қатынас, тіл байлығы, сыпайлылығы мен мәдениеттілігі сияқты ізгі қасиеттермен ерекше болып тұрады. Өмірде кітап оқудың адамға берері көп.



Кітап - уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени құштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. «Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды» дегендей, жастар-

дың танымдық қабілетін қалыптастыратын ортаның бірі - кітапхана екені даусыз.

Кітапхана - дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. Ол оқырман үшін

ақылшы болатын, үйреткен ақылына ақы сұрамайтын, жан сарайынды ашатын, көңіліне шабыт қондыратын, дұрыс таңдау жасауға жол сілтейтін әрі адамды жалықтырмайтын сенімді серік деуге болады.

Өкініштісі, бүгінде осының бәрін біле тұра көп адамдар кітап оқуға уақыт таба алмай жатады. Сөйтіп рухани байлықтан кенде қалып жүретіні тағы бар. Өмірімізге сандық технологияның дендеп енгені сонша көпшілік кітапты оқығанның өзіне электронды нұсқасын аша салғанды оңай көреді. Ал шындығында әдеби шығарманы қолға ұстап, сезініп, кітаптың иісіне қанығып оқығанға ештеңе жетпейтінін кітап сүйер адамдар білсе керек. Бала кітап оқып, ойын қорытудың орнына ұялы телефоннан дайын өнімдерді көруге бейім. Мұның барлығы балалардың кітап оқуына үлкен кедергі келтіреді. Ал ата-аналар тым жұмысбасты. Баланың ұялы телефонмен отыруын белгілі бір уақытқа ғана шектеп, кітап оқуына арнайы көңіл бөліп, қадағалап отыруға олар уақыт таппайды.

Қоғамымыздың рухани әлемін жұтандатып әкетіп бара жатқан осы мәселеге ден қоюымыз да тегін емес. Мақсатымыз - кітап неге оқылмайды деген сауалдың жауабын жан-жақты іздеу. Кітап оқымайды деп байбалам салғанша жан-жақты болып қызмет жасауымыз керек. Оқырман мен кітап оқушы қоғамды қалыптастыру ата-ана, мектеп, кітапханашы қызметі жоғары дәрежеде болуы керек. Кітап біздің рухани дамуымызға әсер етеді. Жақсы кітап жан дүниемізді нұрландырып, жүрегімізді айнадай жарқыратады. Осы орайда жыл сайын кітапханамызда “Кітап оқы да, өзгеге сыйла” акциясы өз жал-

ғасын тауып келеді. Мәселен “Жазғы кітапхана” іс шарасына ауылымыздағы оқырмандарымыз, жас оқырмандарымыз атсалысып, өздерінің сүйікті жазушыларының шығармаларын жаздырып алып, оқып жатады. Кітапханадағы іс шара көбіне балалардың жазғы демалысы кезінде ұйымдастырылып отырады. Мәселен жазғы демалыста “Қиял қанатында ертегі оқу”, “Кітап айналымы”, “Ертегі әлемінде” тағы басқа да іс шаралар жүйелі өткізіліп тұрды. Әр шарада балаларға кітап туралы мағлұматтар беріліп, жаңа кітаптармен таныстырып жатамыз. Содан да болар кітапханаға келіп кітап жаздырып алатын жас оқырмандарымыз көбейе түсуде. Әрине ол біз үшін үлкен мақтаныш.

Кітап - адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітап адам баласының ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Кітапты талғап, таңдап оқи білу, оны түсіну, алған әсерінді өмірде жарата білу - әрбір адамның білімі мен білігін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. «Білім - көзі кітапта деп тегін айтпаған. Кітап - асыл қазына, кітап - рухани азық, кітап - жан сәрігін, ақылдың. Ендеше рухани азық кітапты аяқ асты етпей, барынша үзбей оқуға ден қояйық. Онымен дос болуды өмірлік дағдыға айналдырған дұрыс. Өйткені кітаптың адамзатқа берер тәрбиесі зор.

Кітап - асып таспайтын асыл досымыз, құдіретті қаруымыз десек болады.

Ляззат ШЛИКБАЕВА,
аудандық балалар
кітапханасының
менгерушісі.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

“Северный Катпар” ЖШС ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ), Қарағанды облысындағы “Солтүстік Катпар” кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспарына.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы. Учаскенің координаттары:
1) 48°43'53.3"С 72°58'47.7"В;
2) 48°44'08.4"С 72°59'01.6"В;
3) 48°44'08.3"С 72°59'30.7"В;
4) 48°43'49.7"С 72°59'46.4"В;
5) 48°43'35.2"С 72°59'28.5"В;
6) 48°43'35.0"С 72°59'01.9"В

Тыңдау 21.09.2026 жылы сағат 12.00-де (жергілікті уақыт бойынша) Қарағанды облысы, Шет ауданы, Айғыржал ауылы,

Мамыр көшесі, 40 мекенжайы бойынша өтеді (М.Жапақов атындағы негізгі орта мектебі “КММ ғимараты”, сондай-ақ, Zoom конференциясы арқылы (конференция идентификаторы 933 171 2585).

Кіру коды: 3fQq2c) <https://us05web.zoom.us/j/9331712585?pwd=YkZEZWl3alRlRTBpBEcudWNtWU1wdz09>.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - “Северный Катпар” ЖШС, БСН 040940001700, Кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Бұқар Жырау даңғылы, құрылыс 49/6, тел.: +7-705-229-25-22.

Әзірлеуші-жобалаушы: «КазТехПроект инжиниринг» ЖШС - БСН 121040021178

Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Астана қаласы, Ғұмар Қараш көшесі, 36 үй.

Жоба бойынша құжаттама ҰБД СОС және тб орналастырылған <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. “қоғамдық тыңдаулар” бөлімінде.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 күннен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: сілтеме бойынша <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ “Қарағанды облысының Табиғи ресурс-тар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Северный Катпар» соображает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний:

По материалам для получения экологического разрешения на воздействие (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) к Плану горных работ месторождения «Северный Катпар» в Карагандинской области.

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район.

Координаты участка:
1) 48°43'53.3"С 72°58'47.7"В;
2) 48°44'08.4"С 72°59'01.6"В;
3) 48°44'08.3"С 72°59'30.7"В;
4) 48°43'49.7"С 72°59'46.4"В;
5) 48°43'35.2"С 72°59'28.5"В;
6) 48°43'35.0"С 72°59'01.9"В;

Слушания состоятся 21.09.2026 г. в 12.00 (по местному времени) по адресу: Кара-

гандинская область, Шетский район, с.Айғыржал, ул.Мамыр, 40 (здание КГУ «Основная средняя школа им.М.Жапакова»), а также посредством Zoom конференции

(Идентификатор 933 171 2585; код доступа: 3fQq2c. ссылка на онлайн-подключение <https://us05web.zoom.us/j/9331712585?pwd=YkZEZWl3alRlRTBpBEcudWNtWU1wdz09>

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «Северный Катпар», БИН 040940001700, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская обл., г.Караганда, р.а. им.Казыбек Би, Проспект Бухар Жырау, строение 49/6., тел.: +7-705-229-25-22.

Разработчик - проектировщик: ТОО «КазТехПроект ин-

жиниринг» - БИН 121040021178, Республика Казахстан, город Астана, улица Ғұмар Қараш, дом 36.

Документация по проекту размещена на НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 дней до даты проведения общественных слушаний: по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресу г.Караганда, ул.Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

21 шілде 2026 жылы қайтыс болған Масабаев Рахметолла Қошқимбайұлының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Калиакпаровой Акбушук, умершей 05 июля 2026 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Абдырахманова Оразбая Джумабаевича, умершего 22 июля 2026 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.